

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күші жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 266 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 28 желтоқсанда № 4-5-155 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 269 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 24.11.2014 № 269 қаулысымен (қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарын, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп, осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және облыстық, аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес көрсетілген мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және облыстық, аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен белгіленген тәртіпте шарттық негізде үй - ж а й л а р д ы б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы М . А . А б у о в к е жүктелсін .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі *Б. Сәрсенғалиев*
" К Е Л І С І Л Д І "

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: *Ж. Ибрашев*

13 желтоқсан 2011 жыл

қаулысына 1 қосымша

Қызылқоға ауданы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына және облыстық, аудандық Мәслихат депутаттығына үміткер кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарының ТІЗБЕСІ

р/с	Ауылдық, селолық округтер атаулары	Орналасатын жері
1	Миялы селолық округі	Миялы селосы, "Арман" мәдениет үйінің ғимараты жанына стенд
2	Миялы селолық округі	Миялы селосы, Х. Досмұхамедұлы атындағы орта мектебінің ғимарат жанына стенд
3	Миялы селолық округі	Миялы селосы, №1 мектеп-гимназия ғимараты жанына стенд
4	Сағыз селолық округі	Сағыз селосы, "Шұғыла" мәдениет үйінің ғимараты жанына стенд
5	Сағыз селолық округі	Сағыз селосы, № 9 орта мектебінің ғимараты жанына стенд
6	Сағыз селолық округі	Сағыз селосы, Кенбай орта мектебінің ғимараты жанына стенд
7	Сағыз селолық округі	Кенбай елді мекені, Т.Жанұзақов атындағы бастауыш мектебінің ғимарат жанына стенд
8	Мұқыр селолық округі	Мұқыр селосы, Мұқыр орта мектебінің ғимараты жанына стенд
9	Мұқыр селолық округі	Мұқыр селосы, Мұқыр спорт мектебінің ғимараты жанына стенд
10	Мұқыр селолық округі	Жамансор елді мекені, № 9 теміржол жөндеу мекемесінің ғимараты жанына стенд
11	Мұқыр селолық округі	Кенбай елді мекені, теміржол вокзалының ғимараты жанына стенд
12	Мұқыр селолық округі	Тасқұдық елді мекені, бастауыш мектебінің ғимараты жанына стенд
13	Мұқыр селолық округі	Жантерек елді мекені, теміржолшылар кеңсесінің ғимараты жанына стенд
14	Мұқыр селолық округі	Соркөл елді мекені, бастауыш мектебі
15	Жангелдин ауылдық округі	Жангелдин селосы, "Жангелдин" мәдениет үйінің ғимараты жанына стенд
16	Ойыл ауылдық округі	Жасқайрат селосы, "Шалқыма" мәдениет үйінің ғимараты жанына стенд
17	Көздігара ауылдық округі	Қоныстану селосы, "Самал" мәдениет үйінің ғимараты жанына стенд
18	Тасшағыл ауылдық округі	Тасшағыл селосы, Тасшағыл орта мектебінің ғимараты жанына стенд
19	Тасшағыл ауылдық округі	Тасшағыл селосы, "Тасшағыл" ӨК кеңсесінің ғимараты жанына стенд
20	Тасшағыл ауылдық округі	Қоғам елді мекені, фельдшерлік пункт ғимараты жанына стенд
21	Жамбыл ауылдық округі	Қаракөл селосы, "Қаракөл" мәдениет үйінің ғимараты жанына стенд
22	Жамбыл ауылдық округі	Айдын елді мекені, селолық клуб үйінің ғимараты жанына стенд

23	Қызылқоға ауылдық округі	Қарабау селосы, Қарабау орта мектебінің ғимараты жанына стөнд
24	Тайсойған ауылдық округі	Тайсойған селосы, Ғ. Сланов атындағы орта мектебінің ғимараты жанына стөнд

А у д а н ә к і м д і г і н і н і ң

2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 266

қаулысына 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына және Қызылқоға ауданы бойынша облыстық, аудандық Мәслихат депутаттығына сайлау округтері бойынша кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін орындар белгілеуге жауапты мемлекеттік орган

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 05.09.2014 № 214 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Мемлекеттік орган атауы	Басшы	Телефон, факс	Адрес
1	Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі	Сәлімгереева Құралай Әділшеқызы	871238 2-12-02	Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Тайпа Қарабалин көшесі № 39